

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2025 жылғы 02 қыркүйек
Шымкент қаласы

№ 205
города Шымкент

«Жолда жүру ережелерін оқыту» туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы (2-3 қосымшасы) негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Жолда жүру ережелерін" оқыту бойынша 1-4 сынып оқушыларына жүргізілетін 6 сағаттан сынып сағаттарының және сабақтан тыс уақытта жүргізілетін іс-шаралардың тақырыптары жылдық тәрбие жұмыс жоспарына енгізіліп, бекітіліп, жұмыс жүргізу жауапкершілігі сынып жетекшілеріне жүктелсін.
2. "Жол қозғалысы ережелері" оқу курсы бойынша 5-8-сынып оқушыларына сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізілсін. Сынып сағаттарын жүргізу жауапкершілігі сынып жетекшілеріне жүктелсін.
3. 2025-2026 оқу жылында 1-8 сыныптарға арналған "Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұны жоспары бекітіліп, сынып сағаттарының жүргізілуін қадағалау және «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру бойынша жылдық тәрбие жоспарындағы іс-шараларды ұйымдастыру директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Н.Салман мен С.Қосалиеваға тапсырылсын.
4. Жасөспірімдердің қатысуымен болатын жол көлік оқиғасын болдырмау және алдын алу мақсатында ата-аналарға түсіндірме жұмыстарын жүргізу сынып жетекшілеріне жүктелсін.
5. Осы бұйрықтың орындалу жауапкершілігі директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Салман мен С.Қосалиеваға міндеттелінсін.

Мектеп директоры



Н.С. Карасова

Бұйрықпен таныстым:

02.09.25
күні

Бұйрықпен таныстым:

02.09.25
күні

Қолы
Н.С. Карасова
ҚОЛЫ

Қолтаңбаның толық мәні
Карасова Н.
Қолтаңбаның толық мәні
Қосалиева С.
ҚОЛТАҢБАНЫҢ ТОЛЫҚ МӘНІ



**№131 ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ»
МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ МЕКЕМЕСІ
1 – 8 СЫНЫПТАРЫНА АРНАЛҒАН
ЖОЛДА ЖҮРУ ЕРЕЖЕЛЕРІНІҢ ОҚУ**

БАҒДАРЛАМАСЫ

2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫ

**Жалпы білім беретін мектептердің
1 – 8 сыныптарына арналған
Жолда жүру ережелерінің оқу
БАҒДАРЛАМАСЫ**

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы негізінде «Жол қозғалысы ережелері» 1-8 сыныптарда сынып сағаты есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып іске асырады.

Жол қозғалысы ережелерін игеруіне 1-4 сыныптарына жылына әр сыныпқа 6 сағат беріледі, ал 5-8 сыныптарына жылына әр сыныпқа 10 сағаттан беріледі.

ЖҚЕ бойынша оқушылармен дәрістерді арнайы жабдықталған бөлмеде немесе арнайы автоаулаңда (мектеп ауласында, дене тәрбиесі залында) көрнекі-оқу құралдарын, жабдықтарды және балалардың көлік құралдарын пайдалана отырып өткізу ұсынылады.

Алаңда өтетін жерлерде: жол қиылыстарында, жүргіншілер өтпесінде жол таңбалары салынады; уақытша немесе тұрақты бағдаршамдар, жол белгілері мен басқа да жабдықтар орнатылады.

Кейбір сабақтарды көшеде, жол қиылысында, алаңда (көлік құралдары қозғалысы мен жүргіншілер жүрісін көрсете отырып), қоғамдық көлікте өткізу ұсынылады.

Дәрістерді, жекелеген әңгімелерді, экскурсияларды және т.с.с. өткізу үшін мұғалім (сынып жетекшісі) жол полициясы қызметкерлерін, көлік құралдары жүргізушілерін тарта алады.

Оқыту және сыныптан тыс жұмыс процесінде оқушыларды көшелер мен жолдарда өздерін саналы ұстауға, жол қозғалысы ережелерін мүлтіксіз орындауға тәрбиелеуге ықпал жасайтын қысқаметражды кинофильмдер, бейнефильмдер, диафильмдер, диапозитивтер көрсетіледі, КТК-лар, викториналар, жүргіншілер мен велосипедшілер қозғалысы қауіпсіздігі жөнінен жарыстар ұйымдастырылады.

Әрбір сабақтан соң бақылау сұрақтары, тапсырмалар көмегімен оқушының Жол қозғалысы ережелерін қалай меңгергендігін анықтайтын тексеріс жүргізу қажет.

1-8 сыныптарға ұсынылған тақырыптар «Жол қауіпсіздігінің ережелері» 24 тамыз 2007 жылғы № 404 Қазақстан Республикасының оқу және білім Министрлігі бұйрығынан алынды.

1-СЫНЫП

р/т №	ай	Сабақ тақырыптары	Сағат саны
1.	қыркүйек	Көше күтпеген жағдайларға толы	1
2.	қазан	Аялдау жолы және қозғалыс жылдамдығы.	1
3.	қараша	Жүргіншілер өтпелері. Бағдаршам.	1
4.	желтоқсан	Реттелетін, реттелмейтін көше қиылыстары.	1
5.	сәуір	Автобуста, трамвайда және көліктің басқа да түрлерінде жүру	1
6.	мамыр	Жол белгілері және жолға салынатын таңбалар.	1
		Барлығы:	6

1. Көше күтпеген жағдайларға толы.

Біз тұратын қала, кент. Мектеп орналасқан шағын аудандағы негізгі көшелер. Көшеде неліктен қауіпті. Жол қозғалысы ережелерін неліктен білуге және орындауға тиіспіз. Көше элементтері: жүргін бөлік, тротуар. Жаяу жүргіншілер қоршаулары. Көшедегі қауіпсіздік. Тротуарда қалай дұрыс жүру, жүргін бөлікті қалай дұрыс кесіп жүріп өту керек. Мектепке және үйге неғұрлым қауіпсіз жол.

Нақты бағдарды таңдау. Бірі екіншісіне көмектеседі (көшені өзін кесіп жүріп өте алмасаң – ересек адамнан көмек сұра). Көшедегі тәртіп – қауіпсіз қозғалыс кепілі. Мұқият және абай бол!

2. Аялдау жолы және қозғалыс жылдамдығы.

Жүргін бөлікке кенеттен жүгіріп шығу нәліктен қауіпті. Автомобильді қас-қағым сәтте тоқтату мүмкін емес. Автомобильдің аялдау жолы.

Балалармен болған жол-көлік оқиғаларының мысалдары (жол полициясының мәліметтері бойынша).

3. Жүргіншілер өтпелері. Бағдаршам.

Жолды қай жерде кесіп жүріп өтуге болады. Екі жақты қозғалыс жолы. Егер жүргін бөлікті кесіп жүріп өтуге үлгермессен не істеу керек. Жүргін бөліктің ортасында тұрған жүргіншінің өзін-өзі ұстауы.

Бір жақты қозғалыс жолы. Қозғалысы бір жақты жолды кесіп жүріп өту ережелері. Бағдаршам не үшін қажет? Бағдаршам белгілері: қызыл, сары, жасыл. 3-секциялы бағдаршам қалай жұмыс істейді.

Бағдаршамы бар көше қиылысында жолды қалай кесіп жүріп өту керек.

Жүргінші бағдаршамы және оның белгілері. Дыбыстағыш қондырғысы бар жүргінші бағдаршамы.

4. Реттелмейтін, реттелетін көше қиылыстары.

Көше қиылысы деген? Көлік құралдарының көше қиылысындағы қозғалысы. Көлік құралдарының бұрылуы. Жүргізушілер беретін сақтандыру белгілері. Реттелмейтін көше қиылысының белгілері. Реттелетін көше қиылысындағы жүргін бөлікті кесіп жүріп өту ережелері.

4. Автобуста және троллейбуста, трамвайда және көліктің басқа да түрлерінде жүру.

Қандай көлік құралдарын бағдарлық деп атайды? Қала бағдарлық көлігі: автобустар, троллейбустар, трамвайлар, бағдарлық таксилер. Автобустың және троллейбустың аялдамасы, олардың белгіленулері. Аялдамаға қалай дұрыс өтуге болады. Аялдамада өзін-өзі ұстау ережелері. Автобус және троллейбус жолаушыларына арналған көлікке кірер кездегі, салон ішіндегі және шығар кездегі ережелер. Автобустан немесе троллейбустан түскен кезде жүргін бөлікті кесіп жүріп өту ережелері. Трамвай аялдамасы. Оның белгіленуі, трамвай аялдамасының автобустікінен айырмашылығы. Трамвай аялдамасына қалай өту керек. Трамвай аялдамаларында өзін-өздері ұстау ережелері. Трамвай жолаушыларына арналған кіру кезіндегі, вагон ішіндегі және шығу кезіндегі ережелер. Трамвайдан түскеннен кейін жүргін бөлікті кесіп жүріп өту ережелері. Бағдарлық таксилер. Оның бағдарлық автобустан айырмашылығы. Бағдарлық таксилерді қалай дұрыс пайдалануға болады. Жеңіл автомобильді пайдалану ережелері (кіру, жүру, шығу).

5. Жол белгілері және жолға салынған таңбалар.

Жол белгілері мен жолға таңба салудың мақсаты. Жол белгілері: «Жүргінші өтпесі» (ақпараттық-көрсеткіштік). «Жер асты жүргінші өтпесі», «Жер үсті жүргінші өтпесі», «Автобус және (немесе) троллейбус аялдамасының орны», «Трамвай аялдамасының орны», «Жүргіншілер қозғалысына тыйым салынады», «Жол жұмыстары» (барлығы 7 белгі).

2-СЫНЫП

р/т №	Айы	Сабақ тақырыбы	Сағат саны
1.	қыркүйек	Оқушылардың көшелерде және жолдарда өзін-өздері ұстауларының негізгі ережелері.	1
2.	желтоқсан	Реттеуші және оның белгілері.	1
3.	қаңтар	Мектепке барар жол. (Сенің күн сайынғы бағдарың).	1
4.	ақпан	Ойнауға қай жерде болады және қай жерде болмайды.	1
5.	сәуір	Қала сыртына шығу.	1
6.	мамыр	Жол жүргізушілердің көзімен.	1
		Барлығы:	6

1. Оқушылардың көшеде және жолда өзін-өздері ұстау ережелері.

Көшеде беліктен қауіпті. Үлкен қала көшелеріндегі қозғалыстың қиындығы.
Жол қозғалысы ережелерін сақтау – жүргіншілер қауіпсіздігінің кепілі.
Көшелер мен жолдарда өзін-өзі қауіпсіз ұстау ережелерін қайталау.
Қалада (кентте, ауданда) балалармен болатын жол-көлік оқиғаларының жол полициясының мәліметтері бойынша мысалдары.

2. Реттеуші және оның белгілері.

Реттеушіге алаяқ пен ымырақ неге қажет?
Реттеушінің белгілері. Жүргіншілердің осы белгілер бойынша іс-әрекеттері.
Реттеуші белгілерінің бағдарлам белгілерінен артықшылықтары.

3. Мектепке жол. (Сенің күнделікті бағдарың).

Мектеп шағын ауданы. Мектеп шағын ауданындағы көлік.
Мектеп шағын ауданындағы неғұрлым қауіпті жол қиылыстары.
Мектеп оқушысының жол бағдарында 1-ші сыныпқа қарағанда не өзгерді. Мектеп, үй, кинотеатр, дүкен және т.с.с. жолындағы қауіпсіз жолдарды талдау.

4. Ойнауға қай жерде болады және қай жерде болмайды.

Жүргін бөлікке жақын ойнаудың қауіптілігі. Ауданың қай жерінде ойнауға болады және қай жерінде ойнауға болмайды.

Балалармен болған жол-көлік оқиғаларының мысалдары (жол полициясының материалдары бойынша). Олардың туындау себептерінің талдауы.

5. Қала сыртына шығу.

Қала сырты жолындағы көлік қозғалысы.
Қала сыртындағы жолда жүргіншілер қозғалысының ережелері. Қала сыртындағы жолды қалай дұрыс кесіп жүріп өтуге болады.

Теміржол өтпелері, олардың түрлері. Теміржол өтпелерінен (шлагбаумы бар және шлагбаумы жоқ) жүріп өту ережелері.

6. Жол жүргізушілер көзімен.

Жылдың, тәуліктің мезгілдеріне және ауа райы жағдайларына байланысты жолдың жай-күйі.
Жүргізуші жұмысының ерекшеліктері.
Жүргін бөлігінде жүргіншілерге туындайтын қауіпті жағдайлар жүргізушілердің көзімен.

3-СЫНЫП

р/т №	айы	Сабақ тақырыбы	Сағат саны
1.	қыркүйек	Оқушылардың көшеде және жолда өзін-өздері ұстау ережелері.	1
2.	казан	Жүргіншілер өтпелері.	1
3.	қаңтар	Жарақаттанған кездегі алғашқы медициналық көмек.	1
4.	наурыз	Жарақаттанған, жаралап алған кезде алғашқы медициналық көмек көрсете білуге дағдылану.	1
5.	сәуір	Сен – велосипедшісің.	1
6.	мамыр	Көше жүргізушілер көзімен.	1
Барлығы:			6

1. Оқушылардың көшеде және жолда өзін-өздері ұстау ережелері.

Жолдағы тәртіп. Жүргіншілердің тротуармен жүрген кездегі міндеттері. Жүргіншіге тротуарда тап болуы мүмкін қауіп.
Өзінді көшеде және достарыңмен, ағаңмен, апаңмен, қарт кісілермен жүргін бөлікті кесіп жүріп өту кезінде қалай дұрыс ұстау керек.

Жүргіншілер мен көлік құралдарының оң жақты қозғалысы.
Көше қиылыстары және олардың түрлері.

Көше және оның құрамдас бөліктері: жүргін бөлік, тротуар туралы әңгіме; олардың мақсаты.
Көше және оның құрамдас бөліктері: жүргін бөлік, жол жиегі, кювет туралы әңгіме.
Жүргіншілер мен велосипедшілердің жолы.

«Үй – мектеп – үй» бағдарын жасап, осы бағдардағы жүргінші үшін барлық қауіпті жерлерді көрсету.

2. Жүргінші өтпелері.

Екі жақты және бір жақты қозғалысты жүргін бөлікті кесіп жүріп өту ережелері.

Жүргін бөлікті жүріп өту кезіндегі қауіпті жағдайлар.

Балалармен болған жол-көлік оқиғаларының мысалдары (жол полициясының материалдары бойынша). Олардың туындау себептерінің талдауы.

3. Жарақаттанғанда алғашқы медициналық көмек.

Жарақат түрлері: сынықтар, ауыртып алулар, жаралар, жаралап алулар, күйіктер және т.с.с. Қан ағудың түрлері: артериалдық, веноздық, капиллярлық.

4. Жарақаттанғанда, жаралап алғанда алғашқы медициналық көмек көрсете білуге дағдылану.

Қысып таңып тастау және бұрау салу жөнінен практикалық сабақ.

Орамал сияқты үшбұрыштап, айналдырып және мықтап бекітіп таңып байлау жөнінен практикалық сабақ.

5. Сен – велосипедшісің.

Велосипедте велофигуралар элементімен ойындар және жарыстар.

6. Көше жүргізушілер көзімен.

Жол-көлік оқиғасы (ЖКО) деген не?

Жол-көлік оқиғаларының жүргіншілер кінәсінен туындау себептері:

- жүргін бөлікті белгіленбеген жерден кесіп жүріп өту, өте жақын қозғалып келе жатқан көлік алдынан өту, бағдаршамның тыйым салатын белгісіне қарамастан өту;
- жүргін бөлікке кедергілер (автобустың, автомобильдің, бұталардың) артынан кенеттен шыға келу;
- 14 жасқа толмаған балалардың велосипедте жүргін бөлікте жүруі;
- жүргін бөлікте не оған жақын ойнау.

4-СЫНЫП

р/т №	айы	Сабақ тақырыбы	Сағат саны
1.	қыркүйек	Жүргіншілер қауіпсіздігі.	1
2.	қазан	Жол қозғалысы ережелері білімін тексеру.	1
3.	желтоқсан	ЖКЕ негізгі түсініктері мен терминдері.	1
4.	наурыз	Теміржол өтпелері.	1
5.	сәуір	ЖКО-да зардап шеккен балалар жарақаттарының негізгі түрлері мен себептері.	1
6.	сәуір	Қан аққан кезде алғашқы медициналық көмек көрсете білуге дағдылану.	1
Барлығы:			6

1. Жүргіншілер қауіпсіздігі.

Көлік құралдарының түрлері: жеңіл, жүк, арнайы. Автомобильдер маркалары.

Кез келген қозғалып келе жатқан көлік – адамның қауіпсіздігіне төнген қауіп.
Қала көлігінің үдемелілігі және қозғалыс жылдамдығы.
Машина (автобус, трамвай және т.б.) бірден тоқтай ала ма? Тежеу жолы. Тежелу жағдайы.
Тұрған (тоқтаған) көлік – оны қалай айналып өтуге болады.
Мектепке, дүкенге, кітапханаға, стадионға және т.б. қауіпсіз жолды дұрыс тандай білу.

2. Жол қозғалысы ережелері білімін тексеру.

1-3 сыныптарда алған Жол қозғалысы ережелері жөніндегі материалдарды қайталау.

3. ЖЖЕ негізгі түсініктері мен терминдері.

Жол қозғалысына қатысушы, жүргінші, жүргізуші, аялдама, тұрақ, мәжбүрлі аялдама, жол, жүргін бөлік, тұйық көше, тротуар, жүргінші жолы, жүргінші өтпесі, теміржол өтпесі, көлік құралы, велосипед, тұрғын үй аймағы.

қойылады.

Оқушылардың тротуармен және жүргінші өтпелерімен қозғалысы.

Реттеушінің белгілері.

4. Теміржол өтпелері.

Мектеп оқушыларының теміржол маңында өзін-өздері ұстауы.

Олардан жаяу және көлікпен кесіп жүріп өту ережелері.

Күзетілетін және күзетілмейтін теміржол өтпелері.

Поездарды (электropоездарды) пайдалану кезіндегі шарттар.

5. ЖКО-да зардап шеккен балалар жарақаттарының негізгі түрлері мен себептері.

Балалардың кінәларынан болатын жол-көлік оқиғалары.

Жол-көлік оқиғаларында көбіне орын алатыны: бір жерлерін ауыртып алулар, шығып кетулер, сынықтар.

Қан ағудың түрлері: артериалдық, веноздық, капиллярлық.

6. Қан аққан кезінде алғашқы медициналық көмек көрсете білуге дағдылану.

Өзіне-өзі және өзара көмек түсінігі.

Қан ағуды тоқтату.

Қысып таңып тастау және бұрау салу жөнінен практикалық сабақ.

Орамал сияқты үшбұрыштап, айналдырып және мықтап бекітіп таңып байлау жөнінен практикалық сабақ.

5-СЫНЫП

р/т №	айы	Сабақ тақырыбы	Сағат саны
1.	қыркүйек	Біздің қала (кент), аудан.	1
2.	қазан	Жол-көлік оқиғаларының себептері.	1
3.	қараша	Жол таңбаларының мақсаты.	1
4.	желтоқсан	Қосымша секциялары бар бағдаршам белгілері.	1
5.	қаңтар	Реттеушінің белгілері.	1
6.	ақпан	Жол белгілері және олардың мақсаты.	1
7.	наурыз	Жол белгілері және олардың мақсаты.	1
8.	сәуір	Жүргізуші еңбегінің ерекшеліктері және оның негізгі міндеттері. Заманауи көлік – жоғары қауіптілік аймағы. Қоғамдық көлік.	1
9.	мамыр	Ауа райы жағдайларының жол қозғалысы қауіпсіздігіне әсері.	1
10.	мамыр	Велосипедте жүру.	1
		Барлығы:	10

1. Біздің қала (кент), аудан.

Біз тұратын қала (кент). Қаладағы (кенттегі) көлік және жүргіншілер қозғалысы негүрлым үдемелі көшелер. Мектеп шағын ауданы туралы, оның көлік қатынасы таралы әңгіме.

2. Жол-көлік оқиғаларының себептері.

Қалада (кентте), ауданда көлік құралдары санының өсімі (жергілікті жол полициясы бөлімшесінің материалдары бойынша). Тұрғындардың көбеюі.

Жол-көлік оқиғаларының себептері және олардан сақтандыру шаралары.

Қалалық (аудандық) көліктегі қозғалыс қауіпсіздігі комиссиялары қабылдайтын шаралар.

3. Жолға таңба салудың мақсаты.

Жол таңбаларының мақсаты және оның көлік құралдары мен жүргіншілердің қозғалысын реттеудегі рөлі.

Көлденеңінен және тігінен салынған таңбалар.

4. Қосымша секциялары бар бағдаршамның белгілері.

Бір және екі қосымша секциялары бар үш секциялы бағдаршамдар.

Бағдаршамдардың осы үлгісі белгілерінің мәні.

Бір және екі қосымша секциялары бар үш секциялы бағдаршамдар пайдаланылатын көше қиылысы макетінде жол жағдайларын талқылау.

5. Реттеушінің белгілері.

Реттеушінің денесі мен қимылдарының орналасуы, олардың мәні.

Реттеушінің қимылдарын білуді бекітуге арналған практикалық сабақ.

6-7. Жол белгілері және олардың мақсаты.

Жол белгілерінің 7 тобы: ескерту, басымдылық, тыйым салатын, алдын-ала жазылатын, ақпараттық-көрсеткіштік, сервис, қосымша ақпарат (табличкалар).

Жол белгілерінің мақсаттары.

Жол белгілерінің орнатылатын жерлері.

8. Жүргізуші еңбегінің ерекшеліктері және оның негізгі міндеттері.

Заманауи көлік – жоғары қауіптілік аймағы.

Қоғамдық көлік.

Жүргізуші еңбегінің психофизиологиясына әсер ететін факторлар.

Жүргізуші еңбегінің қиындығы неде?

Автомобильдің, автобустың қозғалысы кезінде жүргізушіні неліктен әңгімемен алаңдатуға болмайды?

Заманауи көлік түрлерінің қысқаша сипаттамалары.

Жүргізушілер кінәсінен болатын ЖКО: қозғалыс жымдамдығын көтеру, жүргінші өтпелерін жүріп өту, қоғамдық көлік аялдамалары, басып озу ережелерін бұзу, көлікті алкогольді мас немесе есірткіге елту күйінде басқару.

Қоғамдық көлікті пайдаланған кезде өзін-өзі қауіпсіз ұстаудың негізгі ережелері

Жолаушыға көлікке отыру, одан түсу кезінде, қозғалыс кезінде және апатты жағдайларда төнетін қауіптер.

Жол-көлік оқиғалары, олардың туындау себептері және мүмкін болатын салдарлары.

9. Ауа-райы жағдайларының жол қозғалысы қауіпсіздігіне әсері.

Қысқа жарық күн.

Мүмкін көз шағылыстырар жарқыраған күн.

Температураның құбылуы. Суықтық. Жылымық.

Жауын, қар, тұман.

Жауынды күні тағы қандай қосымша қиындықтарды ескеру керек.

10. Велосипедте жүру.

Шығар алдында велосипедті қарап алу. Велосипедті жарақтап алу.

Жабық алаңда мұғалімнің немесе үйірме жетекшісінің қалағалауымен оқу-жаттығу жүруі.
Велосипед қозғалысына арналған жерлер.
Жол үстіндегі қозғалыс кезінде велосипедті басқару құқығына қойылатын жас шегі.
Велосипедшілермен болатын жол-көлік оқиғалары және олардан сақтандыру шаралары.

6-СЫНЫП

р/т.№	айы	Сабақ тақырыбы	Сағат саны
1.	қыркүйек	Жол қозғалысы ережелері (қайталау).	1
2.	қазан	Көлік құралдарының қозғалысы.	1
3.	қараша	Көлік құралдарының аялдау жолы.	1
4.	желтоқсан	Оқушылардың жол-көлік оқиғасы кезінде өзін-өздері ұстаулары.	1
5.	қаңтар	Өртүрлі жарақат алғанда алғашқы медициналық көмек көрсету.	1
6.	ақпан	Жарақаттанғанда, жаралап алғанда және жазатайым жағдайларда көрсетілетін алғашқы медициналық көмек. Зардап шегіп, ес-түссіз жатқандарға алғашқы медициналық көмек көрсетудің ерекшеліктері.	1
7.	наурыз	Жол қозғалысының қауіпсіздігі.	1
8.	сәуір	Қозғалыстың жас инспекторлары – ҚЖИ.	1
9.	мамыр	Жол қозғалысына қатысушылардың құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі.	1
10.	мамыр	Жүргіншілерге арналған жол қозғалысы ережелері. Жол «қақпандары».	1
Барлығы:			10

1. Жол қозғалысы ережелері (қайталау).

Жүргіншілердің көшелердегі және жолдардағы қозғалысы ережелерін қайталау, бағдарлық көлік құралдарын (автобус, троллейбус, трамвай, бағдарлық такси) пайдалану.

2. Көлік құралдарының қозғалысы.

Көлік құралдары қозғалысының жылдамдығы. Жылдамдықты шектеу.

Жүргізуші автомобилін елді мекенде, халықаралық жолдарда қандай жылдамдықпен жүргізуге тиіс?

Автомобильдердің арасындағы қашықтық деген не?

Қозғалыстың басталуы және көлік құралдарының қозғалыс кезіндегі орналасуы. Қозғалыс бағытын өзгерту.

Автомобильдер мен мотоциклдердегі жарықтандырғыш аспаптар. Жарықтандырғыш аспаптарды қолдану ережелері.

3. Көлік құралдарының аялдау жолы.

Көлік құралын тоқтатуға қажетті уақыт.

Аялдау жолы. Аялдау жолының есебі.

Аялдау жолына әсер ететін факторлар.

4. Оқушылардың жол-көлік оқиғасы (ЖКО) кезінде өзін-өздері ұстауы.

Жол-көлік оқиғасына қатысқандар мен оны көрушілердің өзін-өздері ұстауы.

«Жедел жәрдем» шақыру. Алғашқы дәрігерге дейінгі көмек көрсету мүмкіндігі. Алғашқы медициналық көмек көрсету кезіндегі іс-әрекеттер тізбегі.

5. Өртүрлі жарақаттар алу кезіндегі алғашқы медициналық көмек көрсету.

Жараларды өңдеу тәсілдері. Асептик және антисептик шаралары.

Жарақаттанған кезде ауруды бәсеңдету тәсілдері.

Басты ауыртып алған және омыртка зақымданған кездегі алғашқы медициналық көмек көрсету ережелері.

25.

6. Жараланған, жарақаттанған және жазатайым оқиғалар кезіндегі алғашқы медициналық көмек көрсету. Зардап шегіп, ес-түссіз жатқандарға алғашқы медициналық көмек көрсетудің ерекшеліктері.

Жараланған кездегі алғашқы медициналық көмек.

Жаралардың асқынып кетпеуінің алдын алу.

Таңу және орап, байлау түсініктері.

Бас пен кеудеге, іш пен аяқ-қолға және бұт аралығына зарарсыздандырылған таңғыш салу ережелері.

Клиникалық өлім туралы түсінік.

Өкпенің тыныс алуының бұзылуы. Белгілері. Алғашқы көмек.

Жүректің тоқтауы. Белгілері. Алғашқы көмек.

Жүрекке сыртқы массаж жасау техникасы.

Қолдан демалдыру. «Ауыздан ауызға» қолдан демалдыра және жүрекке жабық (тікелей емес) массаж жасай білу дағдылары.

7. Жол қозғалысы қауіпсіздігі.

Жол қозғалысы қауіпсіздігі не нәрсеге байланысты?

Жол қозғалысы қауіпсіздігінің сақталуын қадағалайтын кім?

Жол полициясы қызметкерлерінен басқа көшелер мен жолдардағы тәртіпті тағы кім қадағалайды?

Жол қозғалысы ережелерін бұзған велосипед жүргізушілері мен жүргіншілерге қандай шаралар қолданылады?

Егер мектеп оқушысы ЖҚЕ бұзса, онда бұл үшін қандай жағдайларда ата-анасын жауапкершілікке тарта алады?

8. Жол қозғалысының жас инспекторлары – ҚЖИ.

Қозғалыстың жас инспекторлары немен айналысады?

ҚЖИ отрядтары қызметінің негізгі бағыттары.

Қозғалыстың жас инспекторларының слеттері.

9. Жол қозғалысына қатысушылардың құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі.

Жол қозғалысы ережелерін қатаң сақтау – қауіпсіздік кепілі.

Жол белгілерін бұзатын адамды қалай жазалауға болады.

Егер бұл орайда адам қаза тапса, ЖҚО-ға кінәлі қандай жауапкершілік жүктейді.

10. Жүргіншілерге арналған жол қозғалысы ережелері.

Жол “қақпандары”.

Жүргінші тротуармен қозғалыс кезінде қай жағын ұстануға тиіс?

Жүргіншілерге велосипед жолымен қозғалуға рұқсат беріле ме?

«Автоарна» белгісімен таңбаланған жолда жүргіншіге қозғалуға рұқсат беріле ме?

Жүргінші жолды кесіп жүріп өте отырып, қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қандай ережені орындауға тиіс?

Жүргіншіге көшені (жолды) егер жүргінші өтпесі жоқ болса, кесіп жүріп өтуге рұқсат беріле ме?

Жол бойында өсіп тұрған бұта несімен қауіпті?

Жүргінші тоқтап тұрған екі автомобильдің арасынан жолды кесіп жүріп өтуді бастағанда қандай сақтық шараларын қабылдауға тиіс?

Автобұстан түсісімен жолды қалай қауіпсіз кесіп жүріп өтуге болады?

Егер жүргін бөлікте машина көрінбесе, жолды қалайша дұрыс және қауіпсіз кесіп жүріп өтуге болады?

Жолда кандай «тұрмыстық» дағдылар қауіпті?
Егер жолды кесіп жүріп өтіп бара жатқаныңда кандай да бір заттың түсіріп алсаң не істеу керек?

7-СЫНЫП

р/т №	айы	Сабақ тақырыбы	Сағат саны
1.	қыркүйек	Көлік құралдарын пайдалану ережелері.	1
2.	қазан	Автомобильдегі медициналық қобдиша.	1
3.	қараша	ЖКО-да зардап шегушінің киімін шешу ережелері.	1
4.	желтоқсан	Жараланғанда, жарақаттанғанда және жазатайым оқиғалар кезіндегі алғашқы медициналық көмек.	1
5.	қаңтар	Сынған кездердегі алғашқы медициналық көмек. Қан аққан кездегі алғашқы медициналық көмек.	1
6.	ақпан	Теміржол өтпелерінен жүріп өту. Қала сыртындағы жолдарда.	1
7.	наурыз	Велосипедшілер, мопедшілер қозғалысының ережелері.	1
8.	сәуір	Велосипедтерде, мотоциклдерде және мотороллерлерде жолаушылар мен жүк тасымалы ережелері.	1
9.	мамыр	Велосипедшілермен арнайы белгіленген алаңда практикалық сабақтар.	1
10.	мамыр	Қорытынды сабақ.	10

1. Көлік құралдарын пайдалану ережелері.

Көлік құралдарының түрлері және олардың мақсаты.

Жалпылама пайдаланылымдағы көлік құралдары. Жалпылама пайдаланылымдағы көлік құралдарын пайдалану ережелері.

Жолаушыларды отырғызу және шығару ережелері.

Жүк және жеңіл автомобильмен тасымалдау кезіндегі балалардың өін-өздері ұстау ережелері.

Қозғалыс кезінде жолаушыларға бағдарлық көлік құралы жүргізушісін басқарудан назарын аударуға рұқсат етіле ме?

Қоғамдық көлік жолаушыларының қозғалыс кезінде түрегеліп тұруларына рұқсат етіле ме?

Қандай жағдайда жолаушыларды жолдың жүргін бөлігі жағынан мінгізіп, түсіруге рұқсат беріледі?

2. Автомобильдегі медициналық қобдиша.

Автомобильдің дәрі-дәрмектік қобдишасындағы калий перманганаты (марганцовка) қандай мақсаттарға пайдаланылады?

Автомобильдің дәрі-дәрмектік қобдишасындағы йод қандай мақсаттарға арналған?

Қандай дәрі-дәрмектер ауруды баяулататын болып табылады?

Автомобильдің дәрі-дәрмектік қобдишасындағы аммиактың 10% су ерітіндісі (нашатыр спирті) не нәрсеге арналған?

Егер жолаушының ыстықтығы 39 градустан жоғары көтеріліп кетсе, оған қалай көмектесуге болады?

Автомобильдің дәрі-дәрмектік қобдишасындағы энтеродез немесе белсендендірілген көмір қандай жағдайларда қолданылады?

Жүйкеге күш түскен жағдайда автомобильдің дәрі-дәрмектік қобдишасындағы қандай дәріні қолдану керек?

Адамның бір жері сынғанда автомобильдің дәрі-дәрмектік қобдишасындағы қандай дәрілерді ауруды басу үшін қолдануға болады?

Автомобильдің дәрі-дәрмектік қобдишасындағы S-тәріздес түтікше не үшін қажет?

- Автомобильдің дәрі-дәрмектік қобдишасындағы эластикалық таңғыш не үшін қажет?
3. ЖКО-да зардап шегушінің киімін дұрыс шешіп алу ережелері.
Зардап шегушінің сол жақ қолы жарақаттанған кезде көйлегін қалай дұрыс шешіп алуға болады?
Зардап шегушінің қолы жарақаттанғанда көйлегін, пиджагін қалай дұрыс кигізуге болады?
Жансақтау шараларын жүргізген кезде өкпеге ауанын еркін өтуі үшін не істеу керек?
Зардап шегушінің аяғы сынған кезде иммобилизациялық шинаны салу үшін оның киімін шешу қажет пе?
 4. Жараланған, жарақаттанған және жазатайым оқиғаларға ұшыраған кездердегі алғашқы медициналық көмек.
Ішкі ағзалардың зақымдануы және ондай кездердегі алғашқы медициналық көмек.
Органдарды ауыртып алу, шығарып алу, буындарды созып алу жағдайындағы түсінік және ондай кездердегі алғашқы медициналық көмек.
Созып алу, шығарып алу, сындырып алу кездерінде аяқ-қолды иммобилизациялау әдістері.
 5. Сындырып алған кездегі алғашқы медициналық көмек.
Қан аққан кездегі алғашқы медициналық көмек.
Сүйектердің сынуы жайындағы түсінік және олардың белгілері.
Сынықтардың түрлері және олардың асқынып кетуі.
Жарақаттан есеңгіреу және оның алдын алу.
Сүйектердің: бас сүйегінің, иық тұсының, кеуде қуысының, аяқ-қолдың сынған кездерінде алғашқы медициналық көмек көрсету тәсілдері.
Қан аққан кездегі алғашқы медициналық көмек.
Қан ағуын уақытша тоқтату тәсілдері.
Артерияны саусақпен басу нүктелері.
Қолда бар заттардан қан тоқтататын бұрау салудың ережелері.
Қанның көп кеткен кезіндегі көмек.
 6. Теміржол өтпелерінен жүріп өту. Қала сыртындағы жолдарда.
Велосипедшілердің теміржол өтпелерінен жүріп өту ережелері.
Автомобильдің, мотоциклдің (мопедтің) жолаушыларының теміржол өтпесінде аялдауға мәжбүр болған кездегі өзін-өздері ұстау ережелері.
Жүргіншілерге теміржолды қай жерден кесіп жүріп өтуге рұқсат беріледі?
Ауыл көлігі. Тракторлар мен олардың тіркемелері. Өздігінен жүретін ауылшаруашылық машиналары.
Көлік-арба. Мал айдап жүру. Көлік-арба және мал айдау қозғалысына қойылатын қосымша талаптар.
Балалар колоннасын тәуліктің қараңғы уақытында қала сыртындағы жолмен жүргізуге бола ма?
Адамдар колоннасы тәуліктің қараңғы уақытында жолмен қозғалып келе жатқанында қалай белгіленуге тиіс?
Жүргіншілер, егер жол жиегімен жүру мүмкін болмаса, елді мекеннен тыс жерде айырма жолағы бар жолдың қай жерімен жүруге тиіс?
Елді мекеннен тыс жерде жолды қай жерден кесіп жүріп өтуге болады? Мотоциклші, егер елді мекеннен тыс жерде мотоциклін қолмен ұстап жүргізіп келе жатса, қай жермен жүруге тиіс?
 - 7-8. Велосипедшілер мен мопедшілер қозғалысының ережелері. Велосипедтерде, мотоциклдерде және мотороллерлерде жолаушылар мен жүк тасымалы ережелері.
Қай жастан бастап велосипедпен жалпылама пайдаланымдағы жолға шығуға рұқсат беріледі?
Велосипедпен қай жолақта жүріп өтуге болады?
Жолдың жүргін бөлігінің қандай кеңдігінде велосипедші велосипедінен түспей сол жаққа бұрыла алады?
Егер қатарында велосипед жолы бар болса, велосипедшінің жолдың жүргін бөлігімен жүруіне құқығы бар ма?

Велосипедті басқа велосипедпен немесе мопедпен сүйреп жүруге бола ма?
 Мопед жүргізушісіне жүргінші жолдарымен жүруге рұқсат етіле ме?
 Қай жастан бастап мопедпен жалпылама пайдаланымдағы жолдармен жүруге рұқсат беріледі?
 Қай жастан бастап мотоцикл жүргізуге оқытуға рұқсат беріледі?
 Мотоциклде (мотороллерде) жүрген кезде міндетті түрде мотошлемдер пайдалану.
 Жолаушылардың екіаяқты мотоциклде (мотороллерде) және арбашасы бар мотоциклдегі қозғалыс кезіндегі өзін-өздері ұстау ережелері.

Жүк таситын мотореллерлерде жолаушыларды тасуға тыйым салынады.
 Мотоциклдер мен мотороллерлерде жолаушылар тасымалына салынған басқа да тыйымдар.
 Велосипедте жолаушы тасымалына рұқсат етіле ме?

Мотоцикл жүргізушісіне жолаушыны артқы орындықта алып жүруге рұқсат етіле ме?
 Жүк мотороллерінің қорабында жолаушы тасымалына рұқсат етіле ме?
 Велосипед пен мопедте қандай жүкті тасуға тыйым салынған?

9. Велосипедшілермен арнайы белгіленген алаңда практикалық сабақтар.
 Велосипедшілердің Жол қозғалысы жөніндегі ережелер бойынша автоалаңдағы ойындары мен сайысы.

Жол қозғалысы ережелері біліміне теориялық емтихан.
 Велофигураларды орындай білуге практикалық емтихан.
 Жарыс қорытындыларын шығару.

10. Қорытынды сабақ.
 Тестілеу.

8-СЫНЫП

р/т №	Айы	Сабақ тақырыбы	Сағат саны
1.	қыркүйек	Жол қозғалысы ережелерінің шығу тарихы. Жол белгілерінің халықаралық тілі.	1
2.	қазан	Жүргіншілер мен велосипедшілердің міндеттері және олардың ЖҚБ бұзғаны үшін жауапкершіліктері.	1
3.	қараша	Қауіпсіздіктің жаңа ғасырына (экология мен көлік)	1
4.	желтоқсан	Қауіпсіздік және жол қозғалысын ұйымдастыру.	1
5.	қаңтар	Көше қиылыстарын, жүргіншілер өтпелерін, қоғамдық көлік аялдамаларын жүріп өту.	1
6.	ақпан	Сынған кездегі алғашқы медициналық көмек көрсету. Қан аққан кездегі алғашқы медициналық көмек көрсету.	1
7.	наурыз	Зардап шегіп, ес-түссіз жатқандарға алғашқы медициналық көмек көрсету.	1
8.	сәуір	Бір жерлері шығып кеткендерге алғашқы медициналық көмек көрсету. Күйген кездегі алғашқы медициналық көмек көрсету.	1
9.	мамыр	Ілінген қозғалтқышы бар велосипед пен мопед.	1
10.	мамыр	Ілінген қозғалтқышы бар велосипедке (мопедке) қойылатын техникалық талаптар. Велосипедшілер қозғалысына қосымша талаптар.	1
Барлығы:			10

1. Жол қозғалысы ережелерінің шығу тарихы.
 Жол белгілерінің халықаралық тілі.
 Жол қозғалысы ережелерінің әлемде шығуы туралы тарихи очерк.

Қазақстан Республикасының Жол қозғалысы ережелері.

Белгілердің халықаралық тілі. Тарихи очерк.

Жол белгілерінің мақсаты.

2. Жүргіншілер мен велосипедшілердің міндеттері және олардың ЖҚЕ бұзғаны үшін жауапкершіліктері.

Жүргіншілер мен велосипедшілердің міндеттері – жол қозғалысы ережелерін сақтау. ЖҚЕ бұзғаны үшін тәртіптік және әкімшілік жауапкершілікке тарту.

3. Қауіпсіздіктің жаңа ғасырына (экология және көлік).

Көліктің экологияға әсері (топырақ, өсімдік, адам денсаулығы).

Қоршаған ортаны қорғау.

4. Қауіпсіздік және жол қозғалысын дайындау.

«Жол қозғалысы қауіпсіздігі» және «жол қозғалысын ұйымдастыру» терминдерінің түсінігі.

Жүргізуші «Жүргізуші – автомобиль – жол – орта» жүйесінің операторы сияқты.

Жол қозғалысының сипаты: көліктік және жаяу тасқын, көше-жол желісі.

Жол полициясы: міндеттері мен функциялары.

5. Көше қиылыстарын, жүргіншілер өтпелерін, қоғамдық көлік аялдамаларын жүріп өту.

«Көше қиылысы», «жүргінші өтпесі» терминдерінің түсінігі.

Реттелетін және реттелмейтін көше қиылыстарынан жүріп өтудің жалпы ережелері. Көлік құралдарының басымдықтары.

Теңмәнді жолдарды «оң жақтан кедергі» принципі бойынша жүріп өту.

«Басты жол», «Жол бер» жол белгілерінің әрекеттері.

Жүргіншілер өтпелері мен қоғамдық көлік аялдамаларын жүріп өту ережелері.

6. Сынған кезіндегі және қан аққан кездегі алғашқы медициналық көмек көрсету.

Сынықтардың түрлері: ашық және жабық.

Ашық сынықтың белгілері қандай? Ашық сынық кезінде алғашқы медициналық көмекті қалай көрсету керек?

Аяқ-қол сүйектерінің жабық сынықтарының белгілері қандай? Қабырғаның сынғандығын қандай белгілер бойынша анықтауға болады?

Табан сүйектері сынған зардап шегушіге қалай көмектесу керек?

Сирақ-жіліншік сүйектері сынған кезде көлік шинасын салудың негізгі ережелері. Жамбас сүйектері сынған кезде алғашқы көмекті қалай көрсетуге болады?

Қан ағудың түрлері: артериалдық, веноздық, аралас және капиллярлық.

Қандай қан ағу неғұрлым қауіптірек деп саналады?

Ішкі қан кетудің барлығын қандай белгілерге қарап болжайды?

Ішкі қан кеткен кезде немесе одан күдіктенгенде алғашқы медициналық көмектің қандай тәсілдері қолданылады?

Қан тоқтататын бұрау ең көп дегенде қанша мерзімге салынуы мүмкін?

Зардап шегушінің аяқ-қолдарындағы жарадан қан аққанда оның ағысын қалай баяулатуға болады? Артериалдық қан ағу кезінде қан тоқтату бұрауы ретінде нені пайдалануға болады?

7. Зардап шегіп, ес-түссіз жатқандарға алғашқы медициналық көмек көрсету.

Клиникалық өлімнің белгілері қандай? Естен айырылғанда не істеу қажет?

Егер зардап шегуші есінен танып жатса, тамыр соғысын қай жерінен анықтауға болады? Егер көмек көрсетуге бір адам ғана қатысса, жансақтауды орындау ережелерін көрсетіңіз? Егер көмек көрсетуге 2 адам қатысса, жансақтауды өткізудің дұрыс ритмін көрсетіңіз?

Егер зардап шегуші талып жатса, оған қалай көмектесуге болады?

8. Бір жерлері шығып кеткендерге алғашқы медициналық көмек көрсету. Күйген кездегі алғашқы медициналық көмек көрсету.

Аяқ-қол шығып кеткен кездегі алғашқы медициналық көмек.

Буындардың шығып кету белгілері қандай?

Жол-көлік оқиғасында жоғарғы сүйек-буындары шығып кеткен зардап шегушіні қандай жағдайда эвакуациялау керек?

Аяқ сүйектері шығып зардап шегушілерді қандай жағдайда эвакуациялау керек? I дәрежелі күйікте қалай көмектесуге болады? I дәрежелі термиялық күйіктің белгілері қандай?

Егер күйген жерде мөлдір сұйықтыққа толы түйіршіктер пайда болса, ол қандай дәрежедегі күйікке жатады?

Денесінің жекелеген бөліктері сілтілі ерітінділермен күйген зардап шегушіге қалай көмектесуге болады? Денесінің жекелеген бөліктері қышқылдармен күйген зардап шегушіге қалай алғашқы көмек көрсетуге болады?

9. Ілінген қозғалтқышы бар велосипед пен мопед.

Велосипедтер мақсатына қарай қандай түрлерге бөлінеді? Велосипед қандай негізгі бөлшектерден тұрады?

Күш бергіш механизмінің мақсаты қандай және оның әрекетінің принципі қандай? Велосипед жарактарына не кіреді?

Қай жастан бастап қозғалтқышының жұмыс көлемі кемінде 50 текше метр және ең жоғары конструктивті жылдамдығы 40 км/сағ мотовелосипедті басқарып жүргізуге болады?

Ілінген қозғалтқышы бар велосипед пен мопедтің құрылымы. Техникалық күтімі, пайдалану ережелері. Ілінген қозғалтқышы бар велосипед пен мопедті басқару құқығына қойылатын жас шарты.

10. Ілінген қозғалтқышы бар велосипедке (мопедке) қойылатын техникалық талаптар.

Велосипедшілердің қозғалысына қойылатын қосымша талаптар.

Ілінген қозғалтқышы бар велосипед пен мопедті шығарар алдында техникалық жағдайын тексеру. Ақаулары және оларды жою. Велосипедшілердің ретелмейтін көше қиылыстарын кесіп жүріп өту ережелері. Велосипедшілердің жүргіншілер өтпесін кесіп жүріп өту ережелері.

Жолаушылар мен жүк тасымалы ережелері.



№131 жалпы орта білім беретін орта мектебі
«Жолда жүру қауіпсіздігінің» іс-шара жоспары
2025-2026 оқу жылы

№	Іс-шаралар	Жұмыс түрі	Мерзімі	Жауапты орындаушы
1	1-11 сыныптарға «Шұғыл қызмет нөмірлері», «Жүргіншілер қауіпсіздігі» тақырыптарында қауіпсіздік сабақтарын өту	сынып сағаты	02.09.2025	Сынып жетекшілер
2	Бастауыш сынып оқушыларына «Жол белгілері мен жолда жүру ережелерін таныстыру тақырыбында ақпараттық түсіндірме жұмысын жүргізу.	ақпараттық түсіндірме	қыркүйек	С.Қосалиева Е.Уркинбаев
3	«Жүргіншілерге арналған жол қозғалысы ережелері»	видеоролик	қазан	А.Маметова С.Байзақ
4	«Көше күтпеген оқиғаларға толы»	ақпараттық сағат	қараша	Н.Салман С.Қосалиева
5	Жолда және көлікте қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелері	ережемен таныстыру	желтоқсан	Сынып жетекшілер
6	Оқушылардың жол-көлік оқиғасы кезіндегі өзін – өзі ұстауы	тренинг	қаңтар	Мектеп психологтары
7	Ауа райы жағдайларының жол қозғалысы қауіпсіздігіне әсері	түсіндірме жұмысы	ақпан	С.Қосалиева Е.Уркинбаев
8	Жол-көлік жарақаттарының алдын алу	ақпараттық сағат	наурыз	Медбике
9	Жол ережесін білейік, аман-есен жүрейік!	челлендж	сәуір	А.Маметова С.Байзақ
	Жол тәртібін жадында ұста!	дөңгелек үстел	мамыр	С.Қосалиева А.Маметова

Директордың тәрбие ісі
жөніндегі орынбасарлары

Н.Салман
С.Қосалиева